

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана және Алматы қалаларындағы, облыстардағы тәртіптік кеңестері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 1598 Жарлығы.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 29.08.2014 N 900 Жарлығымен.

ҚР ПҮАЖ-нда және
республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 N 156 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимитін облыстардың, Астана және Алматы қалалары тәртіптік кеңестерінің төрағалары мен хатшылықтары қызметкерлерінің санын қалыптастыруға көзделген штат бірлігі санына қысқарту жөнінде шаралар қабылдасын;

2) бұрын қабылдаған өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

3) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 2-күжат; 2000 ж., N 54, 593-күжат; 2001 ж., N 1-2, 2-күжат, N 4-5, 43-күжат; 2002 ж., N 26, 272-күжат, N 45, 445-күжат; 2003 ж., N 12, 130-күжат, N 16, 160-күжат; 2004 ж., N 13, 166-күжат, N 21, 267-күжат, N 27, 344-күжат, N 48, 590-күжат):

1-қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі 164, соның ішінде аумақтық органдар 120"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

қызмет істері агенттігі 253,

соның ішінде аумақтық органдар 204";

2) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2014 N 900 Жарлығымен;

3) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

4) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

5) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

6) Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.12.28. N 501 (2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді) Жарлығымен.

7) күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен;

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 29.08.2014 N 900; 29.12.2015 № 152 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2018 № 681 Жарлықтарымен.

4. Осы Жарлық 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2005 жылғы 30 маусымдағы
N 1598 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана және Алматы қалаларындағы , облыстардағы тәртіптік кеңестері туралы ереже

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 N 156 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).